

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультеті Түркітану кафедрасының 5В021200 – Түркітану (бакалавриат), 6М021200 – Түркітану (магистратура) және 5В021014 – «Шетел филологиясы: түрік тілі» (бакалавриат), 6М020500 – «Филология: түркі тілдері» (магистратура) мамандықтарына арналған Білім беру бағдарламаларының дипломдық және магистрлік зерттеу жұмыстарына

### САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ПІКІРІ


Жоғары оқу орындары және одан кейінгі деңгейлердегі білім жүйесін қазіргі заманғы еңбек рыногының даму сатылары мен қозғалысына сәйкес келетін халықаралық білім стандарттарымен қамтамасыз ету, үш деңгейлі білім жүйесіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) көшу және кәсіби біліктілігі жоғары маман даярлау – Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясын, ҚР 2007-2024 жылдардағы тұрақты дамуға көшу Тұжырымдамасын іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың әлеуметтік-коммуникативтік тетіктерінің бірі болып табылады. Ал, қазіргі таңдағы еліміздің түрік әлеміндегі көшбасшылық рөлі ҚР ЖОО базасында түркітілдес халықтардың тілін, тарихын, дүниетанымын зерделеумен қатар, археологиялық және этнографиялық аспектілерін кешенді түрде зерттейтін түркітану ғылымының міндетіне қазіргі түркі халықтарын саяси-интеграциялық және этно-мәдени тұрғыдан біріктіру жолындағы жан-жақты зерттеу, сараптау қызмет түрлері де кіріп отыр. Яғни қазіргі кезде уақыт талабына сай мұндай халықаралық интеграциялар мен байланыстарды нығайтуға қызмет ететін әлемдік масштабтағы кәсіби мамандар үлкен сұранысқа ие. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында ерекше атап өткен «Үш тұғырлы тіл» саясаты, білім мен ғылымның ықпалдастығы, пәндік білімнің іргелігі, кең бейімділігі 5В021200 – Түркітану (бакалавриат), 6М021200 – Түркітану (магистратура) және 5В021014 – «Шетел филологиясы: түрік тілі» (бакалавриат), 6М020500 – «Филология: түркі тілдері» (магистратура) мамандықтары бойынша жасалынған ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының өзегі болып табылады.

Сол себепті аталмыш мамандықтардың бітіруші түлектерінің білімі мен біліктілігін көрсететін дипломдық жұмыстары мен магистрлік диссертацияларына келесідей тақырыптарды ұсынамыз:

1. «Шағатай кезеңі жазу үлгілері: зерттелуі, ареалы, талдануы»
2. «Түркі халықтарындағы баланың дүниеге келуіне байланысты әдет-ғұрыптар»
3. «Қазақ және қырғыз әйелдерінің дәстүрлі зергелік бұйымдары»
4. «Кирилл әліпбиімен жазылған ескерткіштерінің морфологиялық-деривациялық бірліктері»

5. «Қазіргі түркі тілдеріндегі қару-жарақ атауларының этносаралық сипаты»
6. «Қазіргі қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі «ұрпақ» концептісі»
7. «Қорқыт атаның күйлері; зерттелу мәселелері»
8. «Ғабдолла Тоқай және қазақ әдебиеті»
9. «19-шы ғасыр соңы мен 20-шы ғасыр басындағы түркі ескерткіштеріндегі етістіктің грамматикалық категориялары»
10. ««Нахдж Фарадис» ескерткішіндегі етістіктің морфологиялық және сөзжасамдық ерекшеліктері»
11. «Қазақ және түрік тілдеріндегі өсімдік атауларының этнолингвистикалық сипаты»
12. «13-15 ғ. саяхатшылардың еңбектерінде Дешті қыпшақ түркі халықтарының сипаттамасы»
13. «Ерте орта ғасырдағы түріктердің материалдық және жазбаша мәдениетіндегі әйелдің бейнесі»

Халықаралық Түркі академиясының  
сарапшысы



Н.Е.Бөгенбаев

Халықаралық Түркі Академиясы  
**Кадр бөлімі**  
International Turkic Academy